

САПАЛЫ БІЛІМ – БІЛІКТІ КАДР

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 30 пайызға көбейтуді тапсырғаны мәлім. Бұл еліміздегі мамандардың елеулі бөлігін құрайтын мұғалімдер үшін қуанышты жаңалық болды. Қазіргі заман мұғалімінен тек пәнін терең білуі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси-экономикалық білімділік және сауаттылық талап етіледі.

Ол талапқа сай болу үшін көп ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу қажет. Мұғалім мамандығы – ең алдымен жоғары дәрежедегі тұрақты моральдық, психология-педагогикалық даярлықты қажет ететін еңбектің бірі. Нағыз мамандық иесі деп оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын меңгерген ұстазды танымыз. Сондықтан болар, Елбасы мұғалімдер үшін біліктілік деңгейін

ескеретін категориялардың жаңа кестесін енгізуді міндеттеп, әлемде қолданылып жүрген тәжірибе арқылы кіріктіруді тапсырған болатын. «Бұл педагогтерді өздерін ұдайы жетілдіруге ынталандыратын болады. Нәтижесінде, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты тұтастай алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін өседі. Бұл үшін биыл қосымша 67 миллиард теңге бөлу қажет», – делінген Жолдауда. Жаңартылған мазмұн дегеніміз



Гүлжанат ЖАНТУРИНА

– халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев Зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұл балаларға қажетті функциялық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады. Осы ретте «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуінде өз ойын үстей түскен Елбасы жоғарыда айтылған тапсырмалар мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері аясында орындалатынын, яғни жалақысы 30 пайызға өскен мұғалімдер жалпы мұғалімдердің 68 пайызын қамтитынын айтқан болатын.

Елбасымыздың жоғарыда айтылған тапсырмаларын жүзеге асыру барысында облыстағы педагогтардың 27%-ың (3808 педагог) жалақыларына үстемақы қосылды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама талаптарының бірі – педагог кадрлардың кәсібилігін және педагог



кәсібінің беделін арттыру, шығармашылық еңбегін бағалау және қолдау аясында облысымызда республикалық «Үздік педагог» атағын беру нәтижесінде үш жылда (2016-2018 жылдар аралығында) 12 педагог (төртеуі ауыл мектебінен) еліміз бойынша «Үздік педагог» атанды.

Үздіктер 1500 АЕК өлшемінде бір жолғы сыйақы және төсбелгімен марапатталды.

Әрине, мұнымен барлық мәселе шешілді, ойға алынған іс оңарылды деуге де болмайды. Әлі де болса кеңесіп, бірлесіп шешер мәселе көп. Солардың ішіндегі ең бастысы, бүгінгі уақыт пен заман талабына сай педагог кадрларды, білімді де білікті мамандарды даярлау өзекті болып қала береді. Бұл бағытта игі бастамалар мен ізденісті қадамдар бар. Тек олардың нақты нәтижеге жетіп, жемісін беру үшін мүдделі тараптар күш біріктіріп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы» қажет. Сонда ғана істің алға басары кәміл.

Облыста педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды (бұдан әрі – аттестатталушы адамдар) аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.04.2018 ж. №152 бұйрығы негізінде екі кезеңде жүзеге асырылды.

Ұлттық біліктілік тестілеуіне жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткен мұғалімдер қатысады. Аталмыш



тест педагогтың пән бойынша білімі сөзсіз маңызды болғанымен тек қана академиялық білімді көрсетіп қоймай, сонымен қатар жалпы білім беру жүйесін түсіну деңгейін және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін көрсетеді.

Ақтөбе облысы бойынша ұлттық біліктілік тестілеу үш пунктте (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласының №8 орта мектебі және Хромтау ауданы №6 Хромтау гимназиясы) өткізілді.

Жалпы облыс бойынша ағымдағы жылы білім беру мекемелерінің 6547 пән педагогтары, яғни 43,8%-ы тест тапсырып, жаңа үлгідегі аттестаттаудан 3808 мұғалім оң нәтиже көрсетті, сапалық көрсеткіш – 58,2%-ды құрады.

- «педагог-модератор» – 1305;
- «педагог-сарапшы» – 1289;

- «педагог-зерттеуші» – 1199;
- «педагог-шебер» – 18.

Тестілеуде теріс нәтиже көрсеткен аттестатталушы адамдар жылына ең көбі бір рет қайта тапсыра алады. Ұлттық біліктілік тестілеуінің нәтижесі бір жылға дейін жарамды.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу жоспарға сәйкес жүргізілуде. 2015-2018 жылдары жалпы облыс бойынша 12200 педагог біліктілік курстарынан өткен (87,12%) 2019 жылға 4000 педагогты қамту жоспарланып отыр.

Бәсекеге қабілетті болуда – кадрлардың кәсібилігі, білімділігі шешуші рөл атқарады демекпін.

Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ақтөбе облысының
білім басқармасы
басшысының орынбасары

Гүлжанат ЖАНТУРИНА,
Ақтөбе облысының білім
басқармасының бөлім басшысы



АННОТАЦИЯ ○

В статье заместитель руководителя Управления образования Актюбинской области Гульназ Сулейменова и руководитель отдела Гулжанат Жантурина уделяют внимание проблеме повышения статуса педагога. По их мнению, статус педагога в первую очередь определяет его уровень подготовки. В своей статье они рассказывают о проделанной в регионе работе в этом направлении.